



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№6

(838)

12 ақпан

2021 жыл



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ АСХАТ АЙМАҒАМБЕТОВТЫҢ НАЗАРЫНА!



жаңа контенттер толып жатыр. Бірақ балаларымыздың қазақшасы бәрібір нашар. Әрине, мектептерде әртүрлі іс-шаралар өткізілмейді емес, өткізіледі. Бірақ олар баланың санасына қаншалықты сіңісуде деген сұраққа қатты қиналамыз. Оқулықтардың сапасы сын көтермейді. Жаттығулары өте күрделі. Қарапайым ауызекі сөйлеу дағдысы қалыптаспаған балаға үйіп-төгіп қиын грамматикалық тапсырмалар беріледі. Мағынасы ауыр өлең-такпактарды айтпай-ақ қояйық.

Бұл мәселені шешудің мынандай жолы бар: Біріншіден, оқушылардың қазақша еркін сөйлеп, қазақ тілінде өз ойын еркін жеткізе алуы үшін мұғалімдер тарапынан айтылым тапсырмаларын сабақ үдерісінде жиі қолдану, оқушының ауызекі сөйлеуіне басымдық беру, осыған қол жеткізуге мүмкіндік жасайтын әдіс-тәсілдерді әзірлеу; Екіншіден, қазақ тілі оқулығындағы айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым тапсырмаларының тақырыптарға сай келуін бір жолға қою; Үшіншіден, қазақ тілін еркін менгеріп, күнделікті өмірге толыққанды енгізу үшін әр мектепте тілдік орта

ОРЫС МЕКТЕПТЕРІНДЕ: ОҚУЛЫҚ САПАСЫЗ, ЖАТТЫҒУЫ КҮРДЕЛІ

«Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген еді. Кезінде сондай қауіптің қазақ тілінің басына да төнгенін біз бәріміз жақсы білеміз. Ата мен немере екі тілде сөйлесетін күйге түскенін, республиканың астанасы Алматыда қазақ тілінде оқытатын жалғыз мектеп болғанын ұмыта қойған жоқпыз. Шүкіршілік, тәубе етер жалғыз киеміз – Тәуелсіздік ол қауіпті сейілтті, қазақ тілінің бағын ашты. Алайда «Тәрбие тал бесіктен басталады» дегенді ұмытпаған жөн. Ал тілдің тал бесігі не? Ол, әрине, мектеп. Мектептерде мемлекеттік тілді оқытудың жағдайы қай деңгейде? Осы мәселелерге назар аударсақ, талай нәрсенің көңілді көншітпейтінін көріп, жанымыз жабырқайды.

Қазақстандағы орыс мектептерінде қазақ тілі 1958 жылдан бастап тұрақты түрде оқытыла бастаса да, орыс мектептерін бітірушілердің арасында қазақ тілін еркін меңгергендер саны аз.

Оқушылар да, мамандар да қазақ тілін оқыту әдістемесінің сапасына қатысты сын айтады. Жана оқулықтар жылда шығады, қаражат бөлінеді, әдістемелер,

құру. Бұл орайда Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі тілдік ортаға бойлау сыныптарының іс-тәжірибесін әр мектепке енгізуді қарастырған жөн болар еді;

Түптің түбінде қазақ тілінің қазақстандықтардың ортақ тіліне, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын уақыты келеді. Қазірше оны қолдан жылдамдату, осы мәселені оңайлатудың қажеті жоқ. Бірақ сол мақсатқа бастайтын қадамдарды осы бастан қолға алу қажет. Ал оны алдымен қолға алатын да, алдымен жүзеге асыратын да – мектеп.



Құрметті Асхат Қанатұлы (А.Аймағамбетов – білім және ғылым министрі – ред.), біз қазақ тілінің орыс тілді мектептерде оқытылу сапасына мемлекеттік деңгейде мән берілуі керек деп санаймыз!

Наталья ДЕМЕТЬЕВА,
Мәжіліс депутаты
(Депутаттық сауалы)

ҰРПАҚ ҚАМЫ

Қазір әр отбасында кемі бір бала осы ойынға тіркелген. Зұлымдыққа, өзімшілдік пен менмендікке тәрбиелейтін ойын баланың бағынан гөрі, соры секілді. Бұл жағдайда баланы психологпен сөйлестіріп, ойын уақытын біртіндеп азайтып, тәуелділіктен құтқару қажет. Ата-ана баласын қонаққа апарса да, сол жақта осы ойынмен өуре болып жатқандары. Осындай тәуелділіктің салдарынан балалардың мінез-құлқы бұзылып, әртүрлі психикалық ауытқуға ұшырауы мүмкін. Бала ойынға тәуелді болған сайын, оны «алып шығу» оңайға соқпайды. Ойын үшін ақша салып жүргендер де баршылық. Мұның өзі үлкендер ойнайтын казиноны еске түсіреді.

(Бұл туралы 4-беттен оқыңыздар)

ДОНАТЫ КӨП, УАҚЫТЫ ЖОҚ БАЛА



НАМЫС

ЖИЫРМА ЖАСТАҒЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР



Бразилияға бала жібергенде, біз Абайша айтқанда, «қызмет қыласың, шен алсын» деп бермеген едік. Үйренсін, шыңдалсын, ысылсын дегенбіз. Жобаның ақталмағанын басқа емес, тікелей жауапты мекеме - спорт министрлігі мойындады. Он жылға жуық уақытта

үш лекті оқытқаннан көрген пайдамыз көк тын, көсегеміздің көгергені де шамалы екенін айтты. Бразилияға барып доп тебуді үйрену бекер екенін дер кезінде түсінген Қытай келісімшартын мерзімінен бұрын бұзды да, жіберген балаларын қайтарып алды.

Бір анық нәрсе, биылғы «Даму кубогында» тәжік жастарынан 7:1 есебімен ұтылғанымыз біздің дәреже-деңгейіміздің қай белесте екенін әйгілеп берді.



БИРЖАМЕТР

МУНАЙ (brent)
61,12

DOLLAR
417,21

EURO
509,2

РУБЛЬ
5,62

JQ – САУАЛНАМА

Жыл сайын ақпанның екінші аптасында әлдебіреулер біздің ұлттық болмысымызға, дінімізге жат Әулие Валентин күнін мереке деп тықпалайды. Қоғамның наразылығынан кейін соңғы жылдары саябырсып қалып еді. Биыл қайта күшейгендей.

Информбюро порталы көпшілікке белгісіз ricodi.com деген сайт жүргізген сауалнама нәтижесін жариялады. Талқыға түскен тақырып – 14 ақпанды жерлестеріміздің тойлап-тойламайтыны немесе мереке ретінде қарсы алып алмайтыны, жөнінде. Сайтқа салсақ, қазақстандықтардың 61 пайызы Әулие Валентин күнін тойлайтын көрінеді. Тіпті сол күні шоқ-шоқ гүл сатып алып, қомақты қаржы шығындайтыны да айтылған. Jas qazaq өз сауалнамасын жүргізді. 300 адам қатысқан сұрақ-жауаптың нәтижесі бойынша, жастар бұл күнді қазақтың мерекесі деп қабылдамайды. Керісінше, 15 сәуірде атап өтілетін Қозы Көрпеш – Баян Сұлу күнін ғашықтар мерекесі деп біледі.

ИНФОГРАФИКА

ҚАЗАҚТЫҢ МЕРЕКЕСІ ЕМЕС!

САУАЛНАМАҒА 300 АДАМ ҚАТЫСТЫ

Әулие Валентин қазақтың мерекесі ме?

жоқ
89%

иә
11%

Қозы Көрпеш-
Баян Сұлу күнін
тойлаймын

56%

Мерекені
махаббат күні
деп есептеймін

44%



Бұл күн діни мереке ме?

жоқ
57%

иә
43%

Әулие Валентин кім?

білмеймін
68%

білемін
32%



(Бұл туралы 7-бетте)





168 SAĖAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

БИЛІК

Осы аптада Мәжілістің жалпы отырысында Кеден одағының бірлескен алқасы туралы шартқа енгізілетін ратификациялық түзетулер талқыға түсті. Депутаттар ел мүддесін халықаралық деңгейде қолдап, қорғауы тиіс шенеуніктердің кәсіби біліктілігіне назар аударды.

«Бұл тарихи қалыптасқан жағдай. Өйткені кеден қызметтерінің бірлескен алқасының хатшылығы Мәскеуде орналасқан. Ол алқаның, хатшылықтың және жұмыс топтарының қызметін қамтамасыз етеді. Бірақ жұмыс топтарында барлық шешім консенсуспен қабылданады. Олар алқаға шыққан кезде әр елдің дауысы болады. 10 жыл ішінде қандай да бір түйткіл туындаған жоқ», — деді. Алайда министрдің жауабы спикердің көңілінен шықпады. Нұрлан

— деп министрдің сөзін қайтарып тастады. Ол өз сөзін: «10 жұмыс тобының 9-ын басқарады дейсіз бе?! Депутат мәселені дұрыс көтерді. Осыған байланысты проблема бар ма? Мұның бәрі шарттық процесс мәселелері. Құжат дайындалып, келіссөз жүргізіліп жатқанда, біздің тарапымыздан өншен «тісі жоқ» келіссөз жүргізушілер қатысады. «Тарихи қалыптасқан» деген не? Министрдің жауабы осы ма? Кездесу өтетін күні жарты күн қалғанда келіссөздер, асығыс кол қоясыздар.

АЗУСЫЗ АТҚАМІНЕР ЕЛ МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙ АЛМАЙДЫ



Депутат Гүлара Нұрымова қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевқа сауал тастады: «Өкілетті органның ақпараты бойынша, кеден қызметтерінің Бірлескен алқасы шеңберінде 10 жұмыс тобы бар. Оның тоғызын Ресей Федерациясының өкілдері, тек біреуін ғана қазақстандық тарап басқарады. Неліктен жұмыс тобының жетекшілері негізінен РФ өкілдері екенін айтынызшы? Жұмыс топтары жүргізген қызметтің нәтижесінде ұсыныстар мен шешімдер алқаның қарауына жіберіледі емес пе?» Қаржы министрі депутаттың сөзін растады. Ерұлан Жамаубаев:

Нығматулин барлық интеграциялық органдарда шешім қабылдайтын тұлғалардың ротациясы маңызды екенін атап көрсетті. «Мәселе консенсустың қандай түрі емес, бұл жұмыс органы туралы. Ал хатшылықты қай мемлекеттің өкілі басқарады? Ресей Федерациясы ма? Біз аппараттың не екенін білеміз. Мұхтар Ерман өткен шақырылымда үлкен жұмыс жүргізді, біз «тарихи онжылдықтар бойы қаланған» барлық интеграциялық құжаттарда тәсілдерді өзгерттік және онда ТМД парламентаралық ассамблеясын қоспағанда, толық ротация бар»,

Бұл істі дереу түзету керек», — деп қорытындылады. Мәжілісте «2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң жобасы қаралып, мақұлданды. Бұл заң жобасы Үкіметтің қаулысымен өткен жылғы 28 тамызда Мәжіліске жіберілген болатын. Ал құжатқа 2019 жылғы 9 тамызда Шолпан Атада қол қойылған.

(Өз тілшіміз)

Аптаның ескертуі



«ҚАЗІР ЕЛІМІЗДЕ РЕСЕЙЛІК «СПУТНИК V» ВАКЦИНАСЫН ЕҒУ ЖҮРІП ЖАТЫР. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ӨЗІМІЗДІҢ ВАКЦИНА ДА ДАЙЫН БОЛАДЫ. ОТАНДЫҚ ВАКЦИНА КЛИНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДЕН ӨТУДЕ. АЛ PFIZER ВАКЦИНАСЫН ӨКЕЛУ ТУРАЛЫ НАҚТЫ КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖОҚ. ХАЛЫҚТЫҢ 60 ПАЙЫЗДАН АСТАМЫ ВАКЦИНАЛАУДАН ӨТПЕЙІНШЕ, БЕТПЕРДЕНІ ШЕШУГЕ БОЛМАЙДЫ. ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТ ҚАЛЫПТАСҚАННАН КЕЙІН ҒАНА БЕТПЕРДЕСІЗ ЖҮРУГЕ БОЛАДЫ».

Ажар ҒИНИЯТ, денсаулық сақтау вице-министрі



1+2

Аманжан ЖАМАЛОВ, Мәжіліс депутаты:

«Құрылыс компаниялары, бейнелеп айтқанда, алақанын ысықып отыр. Неге екені түсінікті. Өйткені зейнетақының бір бөлігін тұрғын үй алуға жұмсау туралы ақпарат шыққалы баға өсті. Мемлекеттік субсидиялаудың пайдасын сатып алушылар емес, құрылыс компаниясы көреді. «Бүгін сатып ал, ертең қымбаттауы мүмкін» деген дүрбелең қолдан жасалуда. Алайда нарықта тұрғын үй жеткілікті».



Андрей ЧЕБОТАРЁВ, сарапшы:



«Нарық жаңалықтың үнемі алдында жүреді деген түсінік бар. Зейнетақы қоры қаржыны бүгін берді, баға да бүгін өсті деп айтуға болмайды. Иә, баға өсті. Бірақ мұның себебі басқа. Үй бағасы қаржының бір бөлігі беріледі дегеннен бері көтеріле бастады. Үеде әлдеқашан берілді емес пе! Енді бағаның түсуі мүмкін емес».

Ғалым ЫСҚАҚОВ, жылжымайтын мүлік компаниясының директоры:

«Бағаны төмендетудің бірден-бір себебі – сатып алмау. Егер ешкім алмаса, сатушылар не істейді? Әрине, бағаны бірте-бірте төмендетеді. Сұраныс болмаса, сөзсіз арзандайды».



Әлеумет.т⁰



ҚАЙДАСЫҢ, ҚАЗАҚ ӨНЕРТАПҚЫШЫ?

XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың ағартушы ұстазы Ыбырай Алтынсарин фантаз-акын деуге әбден лайық. Алып қиялмен адамзат дамуының алдағы даңғыл жолын тап басып айтқан Жюль Верн, Айзек Азимов, Александр Беляевтардан бір кем емес. Дәлел керек пе? Мінеки:

Өнер-білім бар жұрттар
Айшылық алыс жерлерден,
Көзінді ашып-жұмғаша,
Жылдам хабар алғызды.
Аты жоқ құр арбаны
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды.
Адамды құстай ұшырды;

Мұндағы «жылдам хабар алғыз» мен «аты жоқ құр арбаны» интернет пен жүргізушісіз қозғалатын көлік немесе ұшу аппараты екенін ақынның бүгінгі ұрпағы жақсы біледі. Ақыл-ойдың озық туындысы өнерлі де білімді басқа жұрттарға көбірек тиесілі екенін де. Мүмкіндіктің молдығынан да хабардар.

Шынында да, отандық өнертапқыштың керемет дүниесімен қуантуға тиіс зерттеу орталықтары жетіп артылады. Роботтың түр-түрін жасай алатын талапты, алғыр жастар да баршылық. Былтыр пандемия алқымнан алғанда өз қолымен жасанды тыныс алу аппаратын құрастырып, атасына бірнеше күн өмір сыйлаған маңғыстаулық оқушы Ислам Жалғасбай туралы газетімізде жазғанбыз. Бұл аз десеңіз, әлемнің ең үздік университеттерінде білім алып қайтқан дипломды маманнан да кенде емеспіз. Ғылым мен цифрлық технологияның шынына шығарамыз дейтін министрліктер де бар. Бұған қазынадан жыл сайын қомақты қаржы бөлінетінін қосыңыз.

Өрлеуге, өркендеуге барлық жағдай бар. Бірақ сол басқа жұрттар аузынан тастамай жүрген «Artificial Intelligence», яғни интеллектуалдық әлеуеттің (жасанды интеллект) жемісін қашан көреміз?» деп орынды сауалды төтесінен қойып жатқандар да жоқ емес. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин де өз әріптестері секілді келер шақпен және «техникалық» тілмен сөйлейді. Оның пікірінше, Қазақстан IT-ландшафт қалыптастыратын платформалық модельге көшуі тиіс. Мұндай үлгі бизнес-процесті жеңілдету үшін қажет. Ол былай дейді: «Біз бизнес-процестердің нақты архитектурасы болатын ойын ережесі мен мемлекеттік платформаны қалыптастырғымыз келеді. Бұл автоматтандыру қызметі алты айға созылмай, бір ай болуы үшін қажет».

Б.Мусин IT-өнімді экспорттау бойынша өзге елдерден кейін қалып қойғанымызды мойындайды. Министр мұның себебін былай түсіндіреді: «Өйткені, адам капиталы жетіспейді. Қазақстанда жыл сайын 20 000 IT-маманы дайындалады. Бірақ бұл тек статистика жүзінде. Сондықтан IT нарық үшін білім министрлігімен бірлесіп, гранттық бағдарламаларды IT-мектептерге бағыттауды қарастырып жатырмыз». Осы мақсатпен өңірлерде IT-мектептер ашылатын көрінеді.

Жер-жерде ақпараттық технологияны игеруге мүмкін беретін білім ордаларын ашу құптарлық іс. Бірақ осы министрлік әлі күнге дейін онлайн-дәріс оқып жатқан балаларды толығымен интернетпен қамтамасыз ете алмай отырғанда мұндай жоба қаншалықты тиімді? Оның үстіне, министрдің өзі де растағандай, білікті IT-маманға зәру елде ондай мектептегі білімнің сапасы қандай болары да белгісіз. Әлде бұл «қаржы игерудің» тағы бір тәсілі ме?

Өнер — білім бар жұрттар ғылым мен технологияны мықтап игеруге кірісіп кетті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев күні кеше Біріккен Араб Әмірліктерінің мұрагер ханзадасын осы елдің ұлттық жер серігін Марсқа қондыруымен құттықтады. Туысқан Түркия 2023 жылы Айға өз кемесін ұшырмақшы. Ұшқышсыз ұшатын апаратымен бүкіл әлемге мәшһүр болған Селжүк Байрактар түріктің Ұлттық ғарыш жобасы, әсіресе, дарынды жастардың өз білімін, ұшқыр қиялын іске асыруға таптырмас мүмкіндік екенін айтады. Илон Масктың арқасында көп мәрте пайдаланатын зымыран тасығышты дүниеге әкелген Американың жетістігі туралы да жазғанбыз. Зян Суйесен іргесін қалаған, Айдың арғы бетіне ұшу аппаратын қондырған Қытайдағы ғарыш мектебінің толағай табысы өз алдына бөлек әңгіме. Өнерінің бабын тауып, замандас-қатарынан оза шауып, ілім-білімнің көгіне құлаш ұрған, мұндай өнертапқыштар қазақ даласында да жүр. Тек бұлақтың көзін ашатын ниет, ілкімді әрекет болмай тұр.

Ұстаз Ыбырай Алтынсарин былай дейді:

Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай;
Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түспей жарыспай,
Желкілеп өскен көк шөптей
Жаңа өсірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай,
Ұмтылыңыз қалыспай!

Срайыл СМАЙЫЛ



Кесте

ТҰРҒЫН ҮЙ БАҒАСЫ ӨСТІ



Дереккөзі: ktk.kz

Осы аптада Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовты қабылдады. Аймағамбетов Президентке министрліктің педагогтер мәртебесін арттыру жөніндегі жұмыстарды белсенді түрде іске асырып жатқанын, мұғалімдердің еңбекақысын 25 пайызға арттырғанын, биыл су жаңа 200 жаңа мектеп салу жоспарланып отырғанын, сонымен бірге пандемия кезіндегі оқу үдерісінің ахуалы мен оқушылардың білімін толықтыру үшін қабылданған әртүрлі жұмыстар туралы айтыпты. Кездесуде бала құқығын қорғау сияқты мәселелер де талқыланыпты...

Әңгіменің түйіні «атқарып жатырмыз, қатырып болдық» деген қызыл есепте емес. Жұртқа керегі індет басталғаннан бергі білім саласындағы атқарылмай жатқан аткөпір шаруаларда. Кездесуде бала құқығы туралы айтылыпты. Бала құқығы — мектепке бару, мұғалімнен білім алу. Жарайды, қазір індет бар дейік. Оқушы үйінде отырып, онлайн оқу керек дейік. Оған «Үйінде отырма, мектепке барып оқы!» деп билік айта алмаймыз. Бірақ бала үйінде оқу үшін оның қолжетімді интернеті, компьютері болуы керек қой. Алайда бұл жағынан төрт құбыламыз түгел емес. Мойындасак та, мойындасак та шындық осы.

Қырғызстанда оқушылар 1 наурыздан бастап мектепке барып оқиды. Бұл туралы қырғыздың баспасөз құралдары жарыса жазып жатыр. Ал бізде мектептердің қашан ашылатыны әлі белгісіз. Оқушылар мектепті сағынып жүр...

Мектептегі білім онлайн форматқа ауысқалы жылға жуықтап қалыпты. Былтыр төртінші тоқсанда басталған қашықтан білім беру, міне,

Айтпақшы, әңгімеміздің басында келтірген «қосымшадан» қомақты ақша тауып жүрген мұғалім ауыл аралап жүріп сабақ береді екен. Сонда ол өзіне мемлекет жүктеген міндетті сабағын қашан беріп үлгереді? Әлде ауыл аралап жүргенде, жол бойына тоқтап оқушыларына сабақ беріп үлгере ме?

Жасыратыны жоқ, мектептегі мұғалімдер дәл осылай «қосымшаға» әбден құнығып алған. Мысалы, біз әңгімелескен кейбір ата-аналардың сөзінен түсінгеніміздей, мұғалімдер оқушыны қай пәннен қай мұғалімге «қосымшаға» беру керектігін өздері айтып, ата-анаға жөн сілтеп отырады екен. Бұл жерде де таныс-тамырға тарту сияқты сыбайластық бар. Бір сөзбен айтқанда, мұғалімдер бір-біріне «клиент» тауып беріп отырады. Жең ұшынан жалғасқан осындай сыбайластықты Қазақстанның Бас мұғалімі Асхат Аймағамбетов біле ме екен?

Байқасак, онлайн оқу деген онай екен. Алдымен екі телеарнада сабақ жүреді. Содан

ОНЛАЙН ОҚУ



САУАТСЫЗ ОҚУШЫ



САЛҒЫРТ МҰҒАЛІМ



биылғы төртінші тоқсанға таяп тұр. «Баламыз қашан мектепке барады?» деген ата-ананың алаң көңілі тағы бар. Ал білім министрлігі әлі үнсіз.

Індет әлі шегінген жоқ. Оны бәріміз мойындаймыз. Бірақ 1 млрд 300 млн халқы бар Қытайда оқушылар мектепке барып, әдеттегідей ұстаздың алдында отырып оқып жатқан жоқ па? Арғы беттегі ағайындармен әлеуметтік желі арқылы сөйлескенімізде, балалар былтырғы төтенше жағдай кезінде ғана екі айға жуық үйден оқуға мәжбүр болыпты. Соның өзінде ата-аналар: «Балаларымыз мектепке барып оқуы керек. Сабағы нашарлап кетті. Сауатсыз болып шығатын болды» депті. Екі айдан кейін сабақ басталыпты. Биыл да солай. Бір қызығы, Қытайда бір сыныпта біздегідей 15-20 баладан емес, 50-60 оқушыдан отырады. Солай бола тұра, мектепте әдеттегідей сабақ жүруде. Тіпті оқушылар асханаға кезекпен барып, спорт залына да кезекпен кіріп, бәрін қалыпқа түсіріп алған. Ондай тәртіпті бізде де жасауға болар еді. Бірақ ниет жоқ. Ресей де індеттің өршіп тұрғанына қарамай, мектепті жапқан жоқ.

Онлайн білім басталғалы қосымша сабақтардың бағы жанып-ақ тұр. Қосымша сабақ дегеніміз — ресми атауы емес, халықтың ауызша қойып алған, қоғамда қалыптасқан ауызекі аты ғана. Бала мектептегі білімнен тыс, өз ақшасына мұғалім жалдап қосымша сабақ алады. Міне, біз «қосымша» деп осыны айтып жүрміз. Баласы мектепке баратын үйдегі ең жиі қолданылатын тұрақты сөзге айналды деуге болады.

«Қосымша» беретін мұғалімдердің қалтасы былтырдан бері кәдімгідей қалындаған. Мысалы, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында математикадан сабақ беретін бір мұғалім ай сайын айлығынан бөлек 250-280 мың теңге көлемінде табыс табатынын туыстары айтып жүр. Бұл мақтанш! Ұстаздың табыс тапқаны, ақшалы болғаны, ешкімге тәуелді болмағаны жақсы ғой. Бірақ сол мұғалімнен қосымша сабақ алып жүрген баланың ата-анасын кім ойлайды? Бір үйден бір емес, бірнеше бала мектепке баратын орта дәулетті немесе көпбалалы ата-аналар балаларын «қосымшаға» қалай береді? Олар баласына ондай мүмкіндік сыйлай алмайды ғой. Бір немесе екі баласы бар отбасы ақшасын төлеп, ұстаз жалдап оқытсын делік. Сонда ақшамен оқыған бала озып, оқымаған бала сауатсыз боп қала ма? Бұл қандай әділдік? Осыны ескеріп отырған біреу бар ма? Оның үстіне, бір бала бір пәннен ғана қосымша білім алса, оның жөні басқа, ал оны үш-төрт пәнге міндеттеп тастаса ше? Ондайлар да бар. Бастауыш сыныпта түкірігі жерге түспей тұрған қосымша-ұстаздардың көбі — математиктер мен ағылшын тілінің мұғалімдері. Жоғары сынып оқушылары бірнеше пәннен қосымшаға баруға мәжбүр.

Жарас КЕМЕЛЖАН

BILIM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Бағдат МУСИН,
цифрлық даму,
инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі:

«Еліміздегі 18,7 млн халқымыз 6500-ге жуық елді мекенде тұрады. Солардың ішінен 4751 елді мекенде түрлі технологиялар бойынша (3G, 4G, оптика-талшық және т.б.) жалпы интернет бар деуге болады. Осылайша, елімізде 17,5 млн тұрғын интернетпен қамтылған. Пандемия жағдайында еліміздегі 5 мың ауылға интернет тартылды. Қалада шамамен 11 млн адам, ал ауылдарда 7 млн адам мобильді интернет қолданып отыр. 2020 жылдың соңында елде интернетпен қамту көрсеткіші 99,3 пайызға жетеді».

(19.10.2020 ж.)

Шавкат САБИРОВ,
Қазақстан интернет
қауымдастығының
президенті:

«Алматыдан 20 шақырым жердегі ауылда интернет жоқ. Семейден 500 шақырым қашықтағы ауылға интернет тартуға өлемнің бірде-бір компаниясы келіспейді. Оған жұмсалған шығынды қайтарып алу үшін 100 жыл қажет. Біздің елде бұл жұмысты «Қазақ-телеком» ұлттық байланыс операторы атқаруы тиіс. Өйткені ол мемлекеттен субсидия алады. Бірақ екіншіше қарай, 2025 жылдың өзінде бүкіл елді интернетпен 99 пайызға қамти алмайды».

Есеп комитеті:



Бюджеттің 310 миллиард теңгесі қалай болса солай жұмсалған. Мониторинг тобы 2 триллион 200 миллиард теңге бюджет қаржысының жұмсалуды тексеріп шыққан. Нәтижесінде 72 дерекке қатысты іс құқық қорғау органдарының қарауына жіберіліп, 339 іс бойынша 196 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Агрөәндірістік кешенді дамыту бағдарламасында да 49 миллиард теңге сауатсыз жұмсалыпты. Компаниялар бюджет қаржысын еш негізсіз жұмсаған, ал жергілікті атқарушы билік жобалардың жүзеге асуын қадғалаламаған.

2020-2021 жылдарға арналған жұмыспен қамту бағдарламасында мынадай кемшіліктер кеткен: Мемлекеттік тапсырысты жүзеге асыратын компаниялардың міндеттері анық көрсетілмеген. Келісімшарттың 8 пайызы дұрыс рәсімделмепті. Бағдарлама аясында жұмыспен қамтылғандар ары кеткенде 1-2 ай ғана жұмыс істеген. 34 пайызында зейнетақы аударымы атымен жоқ. Мөрдiгерлердiң әлеуметтiк жауапкершiлiгi қарастырылмай, елдi мекендердiң абаттандырылуы ақсап тұр. 310 миллиард теңге тиiмсiз жұмсалса, соның тек 146 миллиарды қазынаға қайтарылыпты.

1+2

Дархан МЫҢБАЙ,
Мәжіліс депутаты:



Есеп комитеті берген 310 млрд теңгенің орынсыз жұмсалыу себебі — жауапкершілікте тұр. Бұл жердегі жауапкершілік жоспарлаудан басталады. Одан кейін қаржының жұмсалыуында да бұл міндет болуы керек. Әсіресе, жауапкершілік міндеті қарапайым азаматтардан гөрі, лауазымды адамдарда бірнеше есе артық болуға тиіс. Жергілікті атқарушы билік мұның бәрін қадағалап үлгермейді. Өйткені мұның бәрі ашық емес. Сондықтан мұндай бағдарламаларға ақша бөлінген кезде, қарапайым халық бәрін басынан біліп отырғаны дұрыс. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Халықтық бақылау» деген мәселені айтты. Сол халықтық бақылау жұмыс істемейінше, мұндай талан-таражға салу, «пышақ үстінде бөлісу» сияқты жауапсыздық жалғаса береді. Әйтпесе, 310 млрд теңге деген өте қомақты қаражат. Ең басты мәселе — мемлекет тарапынан беріліп жатқан қомақты қаржының заңды түрде игерілуінде болып тұр. Бақылау болмаса, заңсыздық орын алады. Мәселен, азаматтарға жұмыс бергендер зейнетақы қорына ақша аудармаған. Сөйтіп тағы бір әлеуметтік мәселе туындап отыр.

Бұл жердегі басты түйін: жоспарлаудағы сауатсыздық пен қадағалаудың жоқтығында. Содан кейін кез келген бағдарлама бойынша жұмыс басталған кезде, оның есебі болатынын, оған жауап беру керек екенін әрбір шенеунік, әрбір азамат ұмытпауы керек! Сонда ғана мемлекетімізде тәртіп орнайды. Ниетіміз жақсы болғанымен, тәртіпке келгенде ақсап жатырмыз.



Өзекті

НИЕТИҢ ӨЗИҢЕ ЖОЛДАС БОЛСЫН!

Бұл – ел бірлігін, жер тұтастығын, рухани тазалықты аманат еткен әйгілі Бекет баба батасының бір түйіні. Ойлап қарасаңыз, әрбір істің сәтті, табысты болуының жолын айнытпай айтқан.

Дүниенің нәзік пернесі, халық жанының айнасы – тіл болса, кез келген мемлекеттің сапасын анықтар бір өлшем – мемлекеттік тілі. Оны менсінбегендер өз-өзін шеттейді, жұтан еткісі келгендердің өзі құрдымға жұтылады. Дамуына кедергі жасап, онай шешілетін мәселені сөзбұйдаға салғандар, әсіре саясиландыруды қалағандар шаңға көміліп қалады. Керденнің да жолы тұйыққа тіреледі. Қағынан жерігендердің кедергісі Жаратқан заңын, табиғи даму мен өрістеуді тоқтата алмайды. Сондықтан тұтас елдің басты белгісін, жанының айнасын ешкім айналып өте алмайды. Өйткені оның елді біріктіретін, халықты топтастыратын құдыреті, қайраты қашанда биік, асқақ тұрады.

Елдің әрбір азаматы ұлтына, нәсіліне, жынысына, әлеуметтік ортасына қарамай, мемлекеттік тілге – мемлекеттің рухани байлығына қандай үлес қостым, не үлес қоса аламын деп күн сайын, сәт сайын аландауы қажет. Сондай жауапкершілікті сезінбейінше, елдің азаматтық ынтымағы, сенімі толыққанды болмайды. Әрине, Тәуелсіздігіміздің 30 жылы зая кеткен жоқ. Біздің өз жолымыз – қайталанбас қазақстандық жолымыз бар. Жана – жеңбек, ескі – көнбек. Жетістігіміз жанасына жалғасуы тиіс. Осындай бір ниетті, мемлекетшіл болу үшін білім-білік те, ақыл-ой да, амал-тәсіл де, үйренуге, үйретуге жәрдемші құрал да (*ақылы, ақысыз*) керекті өз алдына, алайда одан да маңыздысы, ең бастысы – мемлекеттік тілге деген қажеттілік, мұқтаждық пен мәжбүрлік. Мұның бәрі – мемлекеттің, соның ішінде әрбір отбасының қолындағы іс. Тәуелсіздік жылдар тәжірибесіне қарасаңыз, осы ниеттің түрлі деңгейін аңғарасыз. Асылы да, жасығы да болды. Қоғам, ата-ана дүр ете қалып, балаларын жаппай қазақ мектептеріне берген, перзентімен қосылып тіл сындырған кезең естеріңізде шығар. Осы шынайы ниет бүгін неге бәсең? Жанарған, жүйттай жарқырағын қазақ мектептері бүкіл бастауыш, орта білім жүйесін жеңіске, табысқа тарта алатын күшке айнала алды ма? Сондай тартымды, қуатты күшке айналу үшін қоғам, жауапты орындар не істеуі керек? Сұрақ көп. Жауабы да бар секілді.

Ендеше рухани ұстаз Бекет баба айтқандай, ниетіміз жақсы істерімізге жолдас және жолбасшы болғай!



Дархан МЫНБАЙ,
Мәжіліс депутаты

Ұрпақ қамы

Біздің үйде желілік ойындардың кішкентай «жұлдыздары» өсіп жатыр. Інім бұрын кез келген нәрсеге қызығып, «анау не, мынау не» деп жиі сұрақ қоятын. Қазір мазамды алмайтын болды. Сөйтсем, ол өзіне басқа ермек тауып алыпты. Бір күні одан:

- Неге саған телефондағы ойыннан басқасы қызық емес? – деп сұрадым.
- Мен Free Fire ойынын көшіріп алдым. Қызықтың көкесі сонда екен, – деп жауап берді ол.
- Оны қайдан таптың? Әлгі ақылды достарын шығар сені осыған үйретіп жүрген?
- Жоқ, ей, олар емес. Free Fire-ді мен бір жыл бұрын көшірдім.

ға салатындар да көп. Басында менде ақша салу туралы ойладым. Бірақ әшейін ойынға ақша жұмсағым келмеді. Папамдардан қорықтым. Донатың болса көп нәрсені ала аласың.

- Донат деген не?
- Ақша ғой. Ақша болғанда алмаз сатып аламыз. Бір алмаз 550 тенге болады. 4500 тенгелік алмаздар да бар. Ол ақшаға қару аласың, мылтық пен мылтықтың заттарын аласың. Маған Free Fire-дан қатты ұнайтыны ойын графикасының сапасы. Ойынның аркасында көшеге шықпай-ақ, достарыммен сөйлесе аламын. Өзімді ойын ішінде жүргендей сезінемін. Мен бұл ойынды телефонымнан өшіргім келмейді. Егер үйдегілер ойнамайсың десе, мүмкін 40 минутты да азайтатын шығармын.

ДОНАТЫ КӨП, УАҚЫТЫ ЖОҚ БАЛА

Достарым оны коронавирус кезінде білді. Күнде 40 минутымды ғана жұмсап жүрмін ғой...

- Сонда бізден тығылып ойнап жүрсің бе?
- Сіздер аттап басқанымды аңдып отырсыздар. Сол үшін көршінің үйінде, не папа мен мама жокта ойнаймын.
- Бәсе, мінезін өзгеріп бара жатыр...
- Білмеймін. Осы ойынға кіріскелі біреу мені шақырса, мүлде

Сонымен, Free Fire деген не? Баласы бар ата-аналар білетін шығар. Бірақ жалпы жұртқа белгісіз. Ал бала біткеннің құлағын түрген ойынның не құпиясы бар? Күн сайын қарадомалақтарымыз өліп-өшіп ойнап, желігіп, тамақ ішуден қалған балаларды бұл несімен баурап алды? Осыны зерттеп көрдік.

Free fire – ең танымал ойын түрі. 2017 жылы Сингапурда құрастырылған. Бұл ойынды 500



естімеймін. Ойынның ішіне кіріп кетемін. Ойын қызып жатқан кезде кедергі келтірсе, қалай жынданғанымды байқамай қаламын. Мұным дұрыс емес екенін білсем де, өз-өзімді ұстай алмаймын. Сосын ғой сіздерден жиі ұрыс естіп жүргенім. Әдейі емес. Бірақ ойынға бір кірсем, қайтып шығу өте қиын екен. Сондықтан оятықшыты пайдаланамын. Күн сайын 40 минут қана ойнаймын. Арасында сабақ оқимын.

- Сабақ оқып болған соң не істеп жүрсің? Тағы да осы ойын ба?
- Жоқ, басқасын ойнаймын. Mine Craft деген ойын. Ол да FreeFire-ға ұқсайды. Mine Craft өте пайдалы деп санаймын. Оның қызығы үй салып, өз қалашығыңды жасайсың. Достарымның бәрі осы ойынды ойнайды. Ашуланған кезімде, мені осы ойын басады. Үй салуды біраз түсініп, дизайн, архитектураға қызығушылығым артты. Достарымның арасында осы ойынды ойнағанда жынданып, балағаттайтындар бар. Тіпті үйінен ақша алып, күніне мың тенгені Free Fire-

✦ МАМАН ПІКІРІ

Қарлығаш ТІЛЕКҚЫЗЫ,
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Аймен орта мектебінің психологы:

Мен 8 жылдан бері мектепте психолог болып жұмыс істеймін. Бастауыш сынып арасында кейбір оқушылар желілік ойындарға кіріп, өзінің қиқар мінезін көрсеткен жағдайлар болды. Мәселен, үзіліс уақытында бір топ бала жиналып Free Fire ойынын ойнағанын көзім шалып қалған. Психолог болған соң, ойынды зерттеп көрдім. Мұндай ойындар бала ой-өрісінің дамуын төжейді. Егер де бала көп уақытын осы ойынға арнаса, қоршаған өлемінен алшақтап, басқаша ой қалыптасуы мүмкін. Сабаққа дайындалғанда немесе үй тапсырмасын орындағанда асығып отырады. Қате болса да, тез орындай салып, ойынға кіріскісі келіп тұрады. Бұл жерде балаға сабақтан гөрі ойынның маңызды екенін ашық айта аламыз. Сондықтан ата-ана баласының қандай ойынға арбалып қалғанын қадағалап отыруы керек!



миллионнан астам адам көшірген. Сонымен атауы қандай ұғым береді? Ағылшын тілінен аударғанда «бос от», «тегін от», «кылмыс» деген мән беретінін білдік. Ойын атауының өзі адамды ұрыс-төбелеске шақырып тұрғандай. Шынымен де, суреті мен мазмұнына қарасаңыз, баяғы атыс-шабыс.

Аталған ойынды 50 адамға дейін кіріп, «патшалық шайқас» режимінде ойнай алады. Ондағы басты мақсат – айналадағының бәрін қырып, соңында өзін тірі қалу. Ойынды қалай ойнайды? Жалғыз немесе топпен кіру мүмкіндігі бар. Өз патшалығыңызды құру үшін қару іздейсіз. Өлтірген бейшараны сол жерде қалдырасыз. Өзінің жемтігін іздеп, зиян келтіру арқылы түрлі айламен арбап, екінші желіде қосылғандардың көзін жойып отырады. Әр

оқушының ойын барысында бір-бірін сыбауға көшеді. Шетелден жастар да кіріп жаман сөз айтып, ойын алаңы былапыт сөзге толып кетеді. Кейде түрлі ұлттар мен ұлыстар арасындағы ұрыс-керіске де ұласып жатуы мүмкін.

Қазір әр отбасында кемі бір бала осы ойынға тіркелген. Зұлымдыққа, өзімшілдік пен менмендікке тәрбиелейтін ойын баланың бағынан гөрі, соры секілді. Бұл жағдайда баланы психологпен сөйлестіріп, ойын уақытын біртіндеп азайтып, тәуелділіктен құтқару қажет. Ата-ана баласын қонаққа апарса да, сол жакта осы ойынмен әуре болып жатқандары. Осындай тәуелділіктің салдарынан балалардың мінез-құлқы бұзылып, әртүрлі психикалық ауытқуға ұшырауы мүмкін. Бала ойынға тәуелді болған сойын, оны «алып шығу» оңайға соқпайды. Ойын үшін ақша салып жүргендер де баршылық. Мұның өзі үлкендер ойнайтын казиноны еске түсіреді.

Бакытжан АМАНБОЛҚЫЗЫ,
Тоғжан ӘБДЕШ,

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің студенттері



ойын 10 минутқа созылады. Ойынды қанбағандар 3-4 сағатқа дейін шыға алмай отырады. Бірін-бірі «өлтіргеніне» мәз болатын ойынның ережесі осындай. Бұл ойынды жасаушылар жастар арасындағы сұранысты жақсы пайдаланады. Әлеуметтік желіде ресми аккаунт ашып, табыс тауып отыр. Ақша табуды мақсат еткен мұндай ойынның тәлім-тәрбиенің болмайтыны екі бастан белгілі.



Q ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

Елімізде 2018 жылы киберспорт ресми түрде спорт түріне жатқызылды. Киберспорт – компьютерлік ойындар арасындағы жарыс. Киберспортшылар оңай жолмен ақша табуы мүмкін. Кез келген үшінші адам осы ойын арқылы жылына 1 миллион доллар көлемінде табысқа кенеледі. Әлемдегі ең ірі брендтер де осы eSports (киберспорт) индустриясына қызығып отыр. Тіпті алдағы 2-3 жылда Олимпиада ойындары тізіміне енуі мүмкін. Мысалы, Gambit Esports үш ойыншыдан тұратын еліміздің командасы CS:GO бойынша сайыста Польшаның Краков қаласында жеңіске жетіп, 500 000 долларды қанжығасына байлады. Киберспорт ойыншылары күнделікті 8-12 сағатын соған арнайды. Қалған 12 сағатын ұйқы мен тамақ ішуге жұмсады делік. Сонда олар қай кезде жұмыс істеп, жақындарымен қалай араласады? Мұндай құмарлық адамды жалқау, жатыпішер, бойкүйез етеді. Семіздікке алып келетіні өз алдына.

Ойын барысында бір-бірін сыбауға көшеді.

JAS QAZAQ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ




E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Jas qazaq «Латын әліпбиінің соңғы нұсқасының ерекшелігі мен оңтайлы тұсы қандай?» деген тақырыппен дөңгелек үстел өткізді. Басқосуға Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас маманы, филология ғылымдарының докторы, профессор Құралай Күдерина мен сол институттың PhD докторы Ермұхамет Маралбек, сондай-ақ түрік тілінің маманы, аудармашы Нұргүл Жамбылқызы қатысты.

Jas qazaq: Латын әліпбиінің соңғы нұсқасы қаншалықты кемелді? Әлі де толықтыратын тұсы бар ма? Жалпы, әліпби ауыстыру бізге не үшін қажет болды?

Құралай КҮДЕРИНА: Бұл нұсқаны соңғы нұсқа деп жатырмыз. Ал әліпби ауыстыру қаншалықты қажет болды деген сауалыңызға жауап беру үшін, мұны ең алдымен, ақыл-ойдың, рух пен сананың жаңғыруымен байланыстыратын едім. Басында түркі елдерімен жақындастыру, ағылшын тілін жылдам меңгеру сияқты түрлі себептер айтылды. Шындығына келгенде, сананың жаңғыруы деген ықтимал себебі бар. Бұл әліпби — мемлекеттің туы, елтаңбасы сияқты өзінің ерекшелігін көрсететін таңба. Кез келген тілді, ұлтты айтатын болсақ, оның қандай графика қолданатыны міндетті түрде айтылады. Мысалы, Моңғолия кирилл графикасын қолданады. Бірақ моңғол деген атаудың өзі кирилл графикасына томпақтау. Тәуелсіздік ұғымын біз әлі толық түсінбейміз. «Әліпбиді латынмен жазып, санамыз тәуелсіз болды» деп айту қиын. Оны 20 жылдан кейінгі ұрпақ сезінеді. Қазіргі 5-7 жастағы баланың 20 жылдан кейін санасында жана қазақ жаңғырып өседі. Жана қазақтың тұлғасы пайда болады. Ол тарихтан белгілі. Мысалы, 1940 жылы біз кирилл әліпбиіне көшетін кезде, бүкіл



Jas qazaq: Бұрынғы дауысты «и» мен дауыссыз «й»-ді латынмен жазғанда, кейбір атау, ұғым, сөздер өзгеріп кетпей ме?

Құралай КҮДЕРИНА: Негізі, бұл әліпби бұрынғылардан көп ілгері, көп кемелденген. Біз ақуттан (*екпін*) құтылдық. Оның мағынасы көп болатын. Мысалы, түріктің кірме сөз екенін білдіру үшін апостроф (*дауысты дыбыстың жіңішкеруі*) қойылады. Ақуттың жалпы әлемдік кеңістіктегі мағынасы 5-6 түрлі еді. Мысалы, Қазақстанға шетелден бір қонақ келді делік. «Абай» көшесі деген жазуда ақут тұрса, ол оны түсінбейтін еді. Өйткені оның санасында ақуттың бірнеше түрлі мағынасы бар. Қай ақут екенің ол қайдан білсін? Алғашқы нұсқада ақут 7 әріптің төбесіне қойылатын. Бір қарағанда сапасыз қойылатын. Бүгінде ақуттың орнына умлауттың (*әріптің төбесіне қойылатын жіңішке белгі*) келгені көп нәрсені түсіндіреді. Дыбыстың айтылуын дұрыс береді және ол түсіп қалмайды. Айшық белгісі де дыбысты айқындай түседі. Қоғам тарапынан умлаут, сидиль көп деп айтылып жатыр. Бірақ дұрыстап қарасаңыздар, умлаут 3 таңбада, қалғаны бір-бір таңбада ғана бар. Болашақта ешкім мақаланы қолмен жазбайды, таңбаның бәрі компьютерде болады.

Ермұхамет МАРАЛТАЙ: «Н» дыбысының образдық мәнін түсінікті етуіміз керек. «Ы» мен «І»-ге бір таңба беру де дұрыс емес,

екеуі екі бөлек таңба. Олар бөлек болғаны дұрыс. Сондықтан қазіргі нұсқа біраз зерттеліп жасалған.

Jas qazaq: Енді бұл әліпбиді қолданысқа енгізудің белгілі бір мерзімі бар ма?

Құралай КҮДЕРИНА: Біз бұл нұсқаны әзірлеп, Қазақстан Президентіне ұсынып отырмыз. Ертеңгі күні қол қойылып, бекітілсе, алғашқы оқулық жазыла бастайды. Үкіметтің жоспары бойынша, латынша оқу 0-сыныптан басталады.

Ермұхамет МАРАЛТАЙ: Біз осы әліпбиді ауыстыру арқылы орыс тілінен енген қаншама әріптен құтыламыз. Біз одан таңба ауыстыру арқылы ғана құтыла аламыз. Емле ережелер осы таңбаларға



терминдерді қалай жазамыз деген ой болды. Бір ел, бір астана, бір басқарушы. Бізге ортақ жазу, ортақ тіл керек болды. Сол ортақ тілді қалай жасады? Әліпби ауыстыру арқылы жасалды. Бізге орыстың 33 әрпі кірді. Оған біз ақырын ғана өз әріптерімізді қостық. Біз оларды именіп барып қостық. Әліпбиде бірінші 33 әріп тұрды. Одан кейін ә, ө, ұ, Ұ, к, ғ, н деп кете береді. Біздің Сәрсен Аманжолов сияқты тілші-ғалымдарымыз, атылып кеткен алашшыл ғалымдарымыз: «Ә» деген әріп «а»-ның қасында, «ө» деген әріп «о» -ның қасында болуы керек!» деп айқасып жүріп жасады.

Қазақты кирилл қарпіне көшіргенде «орыс тілін меңгеріп кетеді» десті. Ол кездегі қазақтар орыс тілін білмейтін. Сонда бәрі «Қалайша біз әліпби ауыстыра салып, орысша сайрап кетеміз?» деп ойлады. 1957 жылы емле ережесі бекіді. Байқасақ, 1960-70 жылдан бері ақырын-ақырын біз орыстанып бара жатыр екенбіз. Міне, қараныздар, 20 жылдан кейін сондай нәтиже берді. Сол саясат өз нәтижесін берді. Жиырма жылдан кейін Алматыда бір ғана қазақ мектебі қалды. Міне, әліпбидің ұлттық санаға қалай әсер еткенін көрдіңіз бе? Жазу санамызды жаулап алады. Қазір қазақтар өте сауатты. Сондықтан бұл ұлттың жаңғыруына оңтайлы әсер ететін саяси шешім деп айық айта аламын.

Jas qazaq: Бұл енді соңғы нұсқа деп жатырсыздар. Әлі де жетілдіретін тұстары бар шығар?

Ермұхамет МАРАЛТАЙ: Меніңше, бұл нұсқа өзгермейді деп айту дұрыс емес. Бұл — қаншама ғалымның, орфографиялық жұмыс тобының сараптамасынан өткен жоба. Бұған дейінгі нұсқаларға қарағанда, тұңғыш рет тіл мамандары қатысып жасаған жоба. Бүгінде ең тиімді нұсқа осы болып тұр. Кемшіліктер қашан көрінеді дейсіз ғой? Ертең қолданғанда, жаза бастаған кезде байқалады. Техника тіліне икемделе бастаған кезде көрінеді. Сонда барып оқалықты байқауға болады. Белгілі бір ыңғайсыздықтар туындаса ғана өзгертуге болады. Алайда бұл соңғы нұсқа!

Құралай КҮДЕРИНА: Бұл жазу тәжірибесінде бар нәрсе. Мысалы, 1940 жылдары кирилл әліпбиін қабылдадық. Бірақ 1952 жылы шамалы өзгеріс енгізілді. Мысалы, «ұ» таңбасы басқаша болған. Одан кейін «кыйын», «кііім» деп жазып жүрдік. Артынан оның қиындыктары көрінді. Бұларды бір таңбаға түсірдік. Сол сияқты кете береді. Сондықтан әліпбидегі қиындықтар 1-2 жылда байқалуы тиіс. Осы аралықта қатесі түзеле, түзеледі. Түзелмесе, сол күйі кетеді. Мысалы, түріктер 1929 жылы латынның 29 әрпін алды. Бірақ оларда қателік болды. Мысалы, «к» әрпі оларда болды. Бірақ олар оны «к» әрпімен жаза берді. «І» дыбысы бар, бірақ олар «и» мен жаза берді. Қателік ұзақ уақыт өткеннен кейін дағдыға айналып кетті. Жазу деген шартты таңба. Ол дағдыға айналады. Ал қате дағдыға айналғаннан кейін, сол күйінде қалып қояды. Біздегі нұсқаға өзгеріс енетін болса, 1-2 жылдың көлемінде енуі тиіс. Еңбесе, қате болса да солай кетіп қалады.

Jas qazaq: Түріктер өзінің кейбір ұлттық төл дыбысынан айырылып қалды. Сонда 1-2 жылда түзету еңбесе, біз де кейбір қазақша үнімізден айырылуымыз мүмкін бе? Сондықтан әлі де кемелдендіру керек сияқты. Маман ретінде бұған не айтасыздар?

Ермұхамет МАРАЛТАЙ: Бұл нұсқада қазақтың төл дыбыстарының барлығы қамтылған. Айта кетейін, тарихта ешкім бірден дұрыс нұсқаны ұсынған емес. А.Байтұрсынұлының әліпбиі де 4 рет реформаланған. Ол бастапқыда 1 таңбамен 5 дыбысты белгілеген. Кейін қиындық тудырғаннан кейін өзгертті. Біздің дыбыстарымыз айқын. Латын графикасын қатесіз енгізуіміз керек еді. Мысалы, 1926 жылғы нұсқада дәйекше енгізілді. Ол болмады. Содан кейін 30 таңбамен енгізілді, ол да болмады. Кейін бас әріптердің бәрін алып тастады да, кіші әріппен жазатын болды. Ол да болмады. Әліпби ауыстыру оңай шаруа емес. Оған көп жылдық тәжірибе керек.

Jas qazaq: Түрік киноларында халықтың төл дыбысы, ұлттық үні кинода қалай көрініс табады?

Нұргүл ЖАМБЫЛҚЫЗЫ: Осында отырған тіл мамандары айтпақшы, әліпби ауыстыру — жай ғана таңба ауыстыру

емес. Осы орайда, өзге де түркі елдерінің әліпби ауыстырудағы тәжірибесі де бізге көп бағыт-бағдар бермек. Соның ішінде, сіздің түрік тілінің қазіргі таңдағы фонетикалық құрылымы туралы сұрағыңызға келер болсақ, кезінде кейбір әріптердің жана әліпбиге енгізілмеуінің нәтижесінде түріктер біріл-жарым төл дыбыстарынан «айырылып қалған». Мәселен, бізде де бар «к», «і» дыбыстары кейбір шеткері аймақтарда ғана сақталған. Соның бәрі — жана әліпби құрастыруда тілдік ерекшелікті айқындайтын таңбаларға салғырт қараудың нәтижесі деп ойлаймын. Міне, біздің осыдан да сабақ алуымыз керек шығар. Түркияда сонау 1928 жылдың 28 маусымында «Алфавит жөніндегі комиссия» құрылып, сол жылы аталған комиссияның кезекті отырысында осы күнгі әліпбиінің негізі қаланған ғой. М.К.Ата-түріктің бастамасымен құрылған сол латын әліпбиіне өту кезеңі 1-2 жылды ғана қамтыды. Осы уақыттан бастап қарқынды түрде түрік тіліне, түрік әліпбиіне қатысты заңдар шығарылды. Жана әліпби шыққаннан кейін, бір жылдан соң соған дейін қатар қолданылып келген ескі әліпбиді пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынды. Осындай қатаң талаптардың нәтижесінде, жана әліпбиге өту кезеңі оларда қысқа болған. Жана әліпбиді үйрететін мектептер мен курстар ашылған. Тағы да осы түрік халқының тәжірибесіне сүйеніп айтар болсақ, олар да кезінде араб-парсы тілдерінің дыбыстарын белгілейтін әріптерден «қашқан». Біз де осы орайда орыс тілінен енген әріптерден құтылсақ, тіліміз үшін үлкен олжа болар еді деп ойлаймын.

Jas qazaq: Біздің редакцияға келіп тәжірибеден өтіп жүрген студент жастардан байқағанымыз, олар мақала жазғанда «ң» әрпін пайдаланбайды. Тіпті сөз арасында сол дыбыстың бар екендігін де ескермейді. Тілінде «ң» жоқ па деп ойлаймын. Осы сияқты қазақы үнімізден айырылып қалмасқа болды... Енді келесі сұраққа көшсек. Латынға көшкендердің бірі — Өзбекстан. Оларда мұндай қателік болды ма?

Құралай КҮДЕРИНА: Өздеріңіз білесіздер, латынға көшу үрдісі енді басталған кезде «өзбектердей болмайық» деген сөз көп айтылды. Олардың ең алғашқы әліпбиі түріктердің Анкарада өткен ортақ жобасындағы ұсынылған нұсқа болатын. Кейін олардың Түркияға қатысты саясаты өзгерді. Олар өздерінің нұсқасын жасады. Қосар дыбыс, төбесі түртілген аккорд, одан бөлек жазуға кедергі келтіретін таңбалары болды. Қазір оларда кирилл мен өзбек әліпбиі қатар қолданылады. Өзбектер қате әріптерге өзгеріс енгізгеніздеді. Қазірше үнсіз отыр. Қате болса да, бұрынғы нұсқаны пайдалануда.

Jas qazaq: Өзбекстаннан келген кейбір азаматтарды байқаймыз, жазуға келгенде сауатты емес. Тіпті кириллицаның өзін қате жазып жатады... Жана нұсқадағы «и» мен «і» әріптері арасындағы пікірге тоқталсаңыздар.

Құралай КҮДЕРИНА: Кириллицада дауыссыз «й» мен дауысты «и» бар. Бірақ оның бәрі жана әліпбиде реттелді. Әріптердің тіркесі деген дүние болады. Сол тіркестердегі қауіп, фонетикадағы қауіптің барлығы ескерілді.

арналған. Сондықтан грамматикамыз жеңілдейді. Соңғы нұсқамызда орыстың 9 таңбасынан құтылып отырмыз. Төтенен латынға өткенге қарағанда, кириллден латынға көшудің мәні бөлек. Кирилл біздің ұлттық әліпби емес. Ол бізге отарлау саясаты арқылы енген. Алда түрлі қиындықтар кездесуі мүмкін. Алайда біз оның бәрін еңсереміз.

Jas qazaq: Соңғы нұсқа А.Байтұрсынұлының төте жазуының негізінде жасалған сияқты ма, қалай? Өйткені, қарап отырсақ, барлық әріп Байтұрсынұлының емлесіне ұқсайды.

Ермұхамет МАРАЛТАЙ: Иә, дұрыс байқадыңыз. Ахмет Байтұрсынұлының тілінде ағылшынмен көп ауытқымалған. Негізгі тіні — сол төте жазудан алынған. Әліпби дегеніміз — нота емес. Әліпби — құрал. Адамдардың коммуникациялық қарым-қатынасын жүзеге асыратын құрал.

Құралай КҮДЕРИНА: Қазаққа ең жақыны — ноғай, қарақалпақ, содан кейін башқұрт тілі. Олардың тілдері ұқсас. Ал әліпбиіне келсек, айырмашылық көп. Сөйлескен кезде бір-бірімізді түсінеміз. Әліпбиіне қарасаңыз, бөтен ұлт сияқты. Ал мына әліпби түркі тілдес халықтарды біріктіреді. Оларда «к», «ғ» деген дыбыс бар. Бірақ таңбалары жоқ. «Ө»-нің орнына «ю»-ды қолданады. Жазу қалай тілді өзгертті? Біз Ыстамбұлдағы бір университеттің деканымен кездестік. Аудармашы келгенше бір-бірімізді түсіп отырдық. Бір уақытта хатшысы кіріп, әлгі деканмен сөйлесті. Деканға қыздың не айтып жатқан түсіне алмадық. Хатшысы кеткен соң «Ана қыз сізге қай тілде сөйледі?» деп сұрадық. «Түрік тілінде» дейді. Бірақ қыздың тілінде ағылшынға жақын акцент байқалды. Ол жазудың ықпалы. Жазудың ықпалы өте мықты. Түріктерде н, ғ, к деген дыбыстар бар болғанымен, әліпбиінде жоқ. Міне, әліпбидің құдыреті! Олар әліпбиге икемделеіміз деп өздерінің ұлттық дыбыстарынан айырылып қалды. Өкінішті жағдай. Ал біздің нұсқада ондай кемшілік болмайды. Тіл мамандары бәрін зерттеп, зерделеп, қазақтың төл дыбысын сақтай отырып жасады.

Нұргүл ЖАМБЫЛҚЫЗЫ: Өз басым латын әліпбиіне көшуді — әсіресе, түркі халықтарын бір-біріне одан сайын жақындастыратын таптырмас мүмкіндік деп ойлаймын. Түбіміз бір түркі халықтары алдымен бір-біріміздің жазба тілімізді түсініп, жаза алатын болсақ, уақыт өте бір-бірімізбен аудармашысыз-ақ тілдесетін деңгейге тез-ақ жетуге болады ғой. Мәселен, оғыз тілдер тобына жатса да, әзірбайжан тіліне сәл тереңірек үнілсек, дыбыстық ерекшеліктері болмаса, оларды да түсінуге болады. Қалған өзімізге жақын татар, ноғай, башқұрт тілдерімен де ортақ болмаса да, ұқсас әліпбиіміз болса, бұл — түркологтар армандаған ортақ тілдік кеңістікті құруға тамаша мүмкіндік дер едім. Осы ретте, менің де арманым — түркі тілдері де халықаралық тілдердің қатарынан орын алса екен.

Jas qazaq: Редакциямызға келіп, пікір бөліскендеріңіз үшін рахмет!

Конференцияны жүргізген Жарас КЕМЕЛЖАН,
Суретті түсірген Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Ақтаңдақ

2005 жылы
мамыр айының
7-і күні жолдасым
В.Семенихин екеуіміз

Ресей Федерациясы Қарулы
Күштерінің жоғарғы бас қолбасшысы
В.Путинге жеделхат жолдап,
Рейхстагқа бірінші болып Жеңіс
туын тіккен лейтенант Рахымжан
Қошқарбаев пен қатардағы
жауынгер Григорий Булатовтың
ерлігі жайындағы шындықтың
айтылуын өтіндік. Сол жылы
шілде айының 15-і күні Ресей
Қорғаныс министрлігінің
әскери тарих институтынан
мынадай жауап хат келді:

«Құрметті Б.Асанов және
В.Семенихин жолдастар!
РФ Қорғаныс министрлігі
Әскери тарих институтының
қызметкерлері Сіздердің
жерлестеріңіз лейтенант
Рахымжан Қошқарбаевтың
ерлігі құжат негізінде
дәлелденгенін мәлімдеді.



2-дәрежелі Қутузов орденді 150-ші
Идриц атқыштар дивизиясының 674-ші
атқыштар полкының командирі оны
1945 жылы көкек айының 29-күні Совет
Одағының Батыры атағына ұсынған.
Р.Қошқарбаевтың взводы кескілескен
ұрыста Шпрее өзенінен бірінші болып
өтіп, қарсыласқан жауға күйрете сокқы
беріп, көкек айының 30-күні Рейхстагқа
ту тіккен. Дивизияның 79-шы атқыштар
корпусының командирі «Совет Одағының
Батыры» атағына лайықты деп бағалаған».
Жеңіс туы — 150-ші атқыштар
дивизиясының туы. Тым қарбалас
жұмыстар мүмкіндік бере қоймағандықтан,
мен хат жазғанымыздың себебін 2007 жылы
мамыр айының 7-күні Орталық мемлекеттік
мұражайда (*Алматы қаласы*) арнайы
өткізілген баспасөз конференциясында
баяндап, алған жауабымды — тарихи
құжатты мұражайға сақтауға табыс еттім.
Әрине, менің көңілім қатты толқыды.
Соғыс ардагерлерінің, Рахымжан
Қошқарбаевтың балаларының, туған-



кейін мен бір нәрсені түсіне алмадым:
соғыстың соңғы күндеріндегі сол ғажап
оқиғаның мәні неге ресми құпталмады,
неге бекітілмеді? Соғыстың алғашқы
жылдарында небір тосын жағдай болды.
Басқыншылық жасаған жаумен қиян-
кескі шайқаста майданымыздың,
армияларымыздың, олардың бөлімдерінің
арасында, шабуыл мен шегіністе, қоршауда
біраз уақыт өзара байланыс үзілген
жағдайлар болғаны белгілі. «Безымянная
высота», «Могила неизвестного солдата»
деген сөздердің пайда болғаны — сол бір
сұрапыл сәттердің есімізден кетпейтін
нышандары.

Ол кезеңнің жөні басқа. Ал соғыстың
соңғы жылдарыда майданымыздағы әрбір
ұрыс-қимыл нақтыланып, жауынгерлік
ерлік үлгісін көрсеткен солдаттар мен
офицерлер туралы мағлұмат тәптіштеп
жазылатын болды. Жаралылардың саны
кідіріссіз анықталып, емделуге жіберіліп
жатты. Майдангерлерге қажетті азық-

түлік, киім-кешек, дәрі-дәрмек, техникаға
керек жанармай үздіксіз жеткізіліп тұрды.
Жаудың қолға түскен әскерлері мен
техникаларының, қару-жарақтарының саны
анықталып, тиісті шешім қабылданатын
болған. Яғни біздің майданда саяси
басқарма, ерекше бөлімдер, барлаушылар
тобы, жабдықтаушылар ұжымы қатаң
тәртіпке сай жұмыс істеді. Бірақ фашизмнің
ордасына Жеңіс туын кімнің тіккені 60
жыл бойы ресми анықталмады. Тарихи
сәтті көргендердің айтқан сөзі, жазған
дерегі еленбеді. Менің төзімдім сол
әділетсіздік тауысуға айналды. Шыдамның
да шегі бар. Ақиқат неге ашық айтылып,
тарихи оқиғаның бағасы неге ресми түрде
берілмейді?



Болат АСАНОВ,
тарих ғылымының кандидаты

АҚИҚАТҚА ҮЛЕС ҚОСТЫҚ



Қоғамның қат-қабат тірлігінің бел ортасында белсене
жүріп, ақиқатты серік еткен, бүркеліп қалғанын іздеп тауып,
кімдердің қашан, қалай бүркеп тастағанын ашып айтып,
сол адал жаратылысы арғы-бергі билікшілдерге жақпай,
олардың «көкелерімен» де айтысып-тартысып, соттасып,
ақырында жеңіп жүрген, жұртшылығымызға белгілі азамат,
кадірлі құрдасым, досым болған Кәрішал Асановтың ғалым
ұлы Болаттың мынау игі ісін өткен желтоқсан айының
соңғы күндері ғана естіп, шын қуандым! Дерек телефон
шалып, естігенімді айтып: «Болат-ау, үндемей жүре бергенің
қалай?» деп едім: «Аға, ол жай ғана...» деп ақырын күлді. Уай,
қарапайымдық-ай!..

Болатқа хатының мәтінін, жазу себептерін айтып мақала
жазуды, маған әкеліп беруді тапсырдым. Халқымыздың ұлы,
тарихи тұлға Рахымжан ағаға қатысты деректерді біле жүру,
айтып-жазып жүру парызымыз ғой!

Арада екі апта өткенде мақала қолыма тиді. «Тым аз ғой?»
десем, Болат: «Тым көп болып кетеді ғой» деп жымияды.
Түсіндім. Оқыған кісіні тырп еттірмейтін дәлелдері (*естіген,
оқыған*) шынында аз болмаған шығар, оларды тізе беріп
қайтеді, ой-мақсатының орындалғаны қаншалық орынды?!

Екінші, көпке танымал жазушы Борис Горбатов 1948
жылы «Литературная газетада» Ұлы Отан соғысы хақындағы
мақаласында: «...Пора кончать сравнивать наших воинов
с орлом и беркутом. Какой орел, какой беркут может
сравниться с казахом Рахымжан Кошкарбаевым, который
на моих глазах водрузил Знамя Победы над рейхстагом,
несмотря на сильный и ураганный огонь немцев!» деген.

Үшінші, әйгілі кинооператор Роман Кармен 1949
жылы «Казахстанская правдадағы» естелік-жазбасында
Раханды іздеп: «...Где он сейчас? У меня сохранились кадры,
отображающие доблестного воина в тот момент, когда он
прикреплял Красный флаг на крыше рейхстага!», — деді. Сол
кинотапасы бірнеше күннен соң үймұрағатынан ұрланып,
ғайып болыпты. Алайда Р.Кармен оның бір көшірмесін
кезінде КСРО Қорғаныс министрлігінің мұрағатына
тапсырған екен.

Төртінші, Берлинді шабуылдаушы дивизия командирі
генерал В.Шатилов майдан командашысы Г.Жуковқа
телефон шалып, Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий
Булатовтың ерлігін мәлім еткенде, маршал: «Олар қайдағы
азиаттар?! Орыс пен грузин болсын!» деп түлен түрте бұйрық
беріпті.

Рахат мен Григорий
Булатовтың Берлин
Рейхстагына Жеңіс туын
тіккен ерекше өнегелі ерлігі
туралы біраз мағлұмат
жинап едім, Болат хатының
себепшілігімен соларды
қосымша етіп ұсынып
отырмын.

Бірінші, майдангер-
журналшы, жазушы
Василий Субботин
Рахандардың ерлігіне тәнті
болып, Жеңістен кейінгі
жылдардағы: «Рейхстаг
қабырғасында»; «Жеңіс
туы»; «Бір мың төрт жүз күн»
атты очерктерінде қарулас
екі достың рейхстагтың
1-қабатына ғана емес,
төбесіне де Жеңіс туын
бірінші болып тіккенін
тәптіштеп, зор құрметпен,
ыстық ықыласпен жазған.
«Естеліктерінде»: «Жап-жас
Рахымжан Қошқарбаев пен
Григорий Булатовтың ғажап
ерлігі шынымен ұмытылып
кете бара ма, кім жасаса да,
мактан етерлік ерлік қой?!» депті.

Жеңістің 20 жылдығы қарсаңында «Красная звезда»
газетінің меншікті тілшісі Александр Кочуков Совет
Одағының Батыры, генерал-полковник В.Шатиловпен
сұхбаттасқан екен (*содан үзінді*):

« — Василий Митрофанович, Рейхстагқа ту тігу әркім
айтылуда. Сіз кітабыңызда өжет барлаушылар Михаил
Егоров пен Мелитон Кантарияны жақсы білетінінізді
жазыпсыз. Ал рейхстагқа Жеңіс туы тігілгеннен, екеуі
«Қызыл жұлдыз» орденімен наградталғаннан, кейін
түскен фотосуретте сержант Егоровтың кеудесінде бір
ғана медаль бары көрініп тұр, кіші сержант Кантарияда
ештене жоқ. Яғни соғысқа бастан-аяқ қатысқан «өжет
барлаушылар» қалайда марапатталмапты. Меніңше, ол
екеуін ең соңғы сәтте Сізге «тиісті орындар» айтқызған
сияқты. Бірінің орыс, бірінің грузин болғаны кездейсоқ
емес-ау?

— Орыс пен грузин... ол жағын ешқашан ойламаппын.
Жалпы... әлдекім Сталин жолдасқа солайша сый жасаған да
шығар...».

В.Шатилов шындықтан жалтарған. Г.Жуков тірі ғой!..
Рахымжан ағамен 1963 жылдың көктемінде Алматыға
іссапармен келгенімде танысып, әңгімелесіп, облыстық
«Коммунизм туы» (*қазіргі «Дидар»*) газетімізге «Рейхстагқа
Жеңіс туын тіккен казак» деп әдеби очерк шығардым.
Кейінде, Алматыға көшіп келгенімнен соң, жақын танысып,
араласып жүргенімде бір күні Раханнан туды қалайша, қайтіп
тіккенін айтып беруді өтіндім. Ол оң қолының саусағын
бұйралау қалың қара шашына енгізе екі-үш рет таралды да, бет
алдына қарап отырып: «Қолымыз жеткен жерге тіктік қой...»
деді.

Г.Жуков бекіткен ресми тұжырымның ешқашан
жанартылмасына, түзетілмесіне, немкеттіліктің сызы
кеппесіне еріксіз иланғаны-ау!.. Жауынгер жолдасы
Григорий Булатовтың бертінде күншіл жерлестерінің:
«Гришка-Рейхстаг» деген мазағына жем болып, біраз уақыт
хабарласпаған жолдасының өзіне-өзі қол жұмсауға мәжбүр
боларын айтқан ақырғы хатын сол минутта іштей тағы да
оқыды ма?..

Рейхстагқа ту тігудің ақиқаты Жуковтың көзі тірісінде
айтылып-жазылса да, ол
елемеді, мән бермеді, өле-
өлгенінше Егоров пен
Кантарияға жел тигізбеді.

Десем де, әділеттілік
жеңді. Рейхстаг ғимаратының
1-қабатына да, төбесіне
де Жеңіс туын кім тіккені
ресми расталды! «Ештен кеш
жақсы».

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,
жазушы-сатирик






E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

АИНА

www.jasqazaq.kz



Бүгінгі аударманың СЫЙҚЫ



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:



Берік ӘБДІҒАЛИ,
Мәжіліс депутаты:

«Бұдан былай мемлекеттік мекемелердің, елді мекендер мен көше аттарын тек қазақ тілінде жазу керек. Тілге қатысты олқылықтардың әлі де түзелмей келе жатқанын бірнеше себебі бар. Ең бастысы — тілге деген немісқұрайдылық. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын тойлағалы жатсақ та, әлі де көшедегі ана тілімізді қорлап, қате жазылған ақпараттан құтыла алмай келеміз. Теледидар мен газеттерде айтыла-айтыла әкем, жаза-жаза жауыр болса да, баяғы жартас — сол жартас. Тіпті үйреніп те кеттік, кейде күлеміз. Шарасыздықтан күлетін шығармыз... Депутат болып келгесін, бірінші кезекте осы мәселені қолға алып жатырмыз. Бұрынғы әріптестерім бастаған жұмысты



жалғастыру және осы мәселе бойынша арнайы жұмыс тобын басқару өзіме бұйырды. 2018 жылы кәсіпкерлердің кәсібіне келергі келтірмеу мақсатында аймақтық Тілдерді дамыту басқармаларынан жарнаманы бақылау құзыры алынып тасталған екен. Тіл комитетінің мәліметі бойынша, 2018-2020 жылдар аралығында 12 000-нан астам қате аударма мен жарнама жарияланған. Алдағы уақытта көше атаулары мен көшедегі жарнамаларға мониторинг жүргізуді Тілдерді дамыту басқармаларының құзырына қайтаруды талап ететін заң жобасын ұсынбақпыз. Әріптестеріммен бірге осы мәселені көтереміз.

Көшедегі кателердің әлі де түзелмей келе жатқанының бірнеше себебі бар. «Біріншіден, мұндағы басты кемшілік — ана тілімізге салғырт қарау, еш жауапкершіліксіз аудару, тілімізге жан ашымау. Екіншіден, жарнама, дәрі-дәрмек анықтамасының, сол сияқты әр саладағы көптеген анықтамалардың дұрыс аударылмауы да — қазіргі қоғамның «бас ауруы». Бүгінде қазақ тілін меңгерген отандастарымыздың саны артып келеді! Сондықтан да мемлекеттік мекемелердің, елді мекендер мен көше аттарын тек қазақ тілінде жазатын уақыт келді.

ӘНЕРПАЗ



Назарбаев зияткерлік мектебінің 8-сынып оқушысы Арман Нұрышев тұрмыстық қалдықтарды тастауға арналған «ақылды жәшік» ойлап тапты. Адам қоқыс жәшігіне жақындаған кезде, қақпағы өздігінен ашылады. Қоқыс тола бастағанда, коммуналдық компанияға белгі беріледі.

Назарбаев зияткерлік мектебінің баспасөз қызметі хабарлағандай, петропавлдық оқушының «ақылды жәшік» жасауына көшедегі қоқыс жәшігінің манайында шашылып жататын тұрмыстық қалдықтар себеп болыпты.

Жас өнертапқыш: «Айналасы қоқысқа толып, шашылып жатқан қалдықтарды көргенде, қоқыс жәшігіне қаппақ қойса, дұрыс болар еді деген ой келді. Біз жасаған жәшік адам жақындағанда ультратырадыстық сенсор көмегімен ашылады. Ол арнайы қуат көзіне жалғанады. Жәшік неғұрлым үлкен болса, қуат көзін сәуірлым көбірек қажет етеді. Қоқыс салынғаннан кейін қаппақ өздігінен жабылады. Ештеңені ұстаудың, ашып-жабудың қажеті жоқ. Өте ыңғайлы. Идеяны жүзеге



«Ақылды жәшік»



Ұстаз бен өнертапқыш

асыру үшін бірнеше апта бойы сызба жасады. Аккумулятор, ультратырадыстық құрылғыларды орнату қажет болды. Содан бүкіл бөлшектерді жинап, мақсатымызға қол жеткіздік», — дейді.

Жоба авторларының айтуынша, ақылды жәшікті жасау үшін пластик пайдалану көзделген.

Оларды мектепте, кенселе және көшеде орнатуға болады. Жоба жетекшісі Виталий Мельников: «Жәшіктің толғанын қадағалайтын жүйе орнатамыз. Ол үшін арнайы модуль жасалады. Барлығын мобильдік қосымша арқылы бақылауға болады. Бұл коммуналдық мекеме қызметкерлерінің уақыты мен күшін үнемдейді. Өйткені олар қоқысты арнайы белгі берілген сәтте ғана өкете алады. «Ақылды жәшік» бағдарламасын Арман өзі ойлап тапты», — дейді.

Жоба авторлары «ақылды жәшікті» шынайы өмірде қолданысқа енгізуді армандайды. Олар мұнымен тоқтамай, жобаны әрі қарай дамытуды көздеп отыр.

Макпал НОҒАЙБАЕВА



Петропавлдағы Оқушылар сарайының «Шынайы әлем» студиясы біздің оқырманға жақсы таныс. Міне, осы студияда шығармашылығын шыңдап жүрген бүлдіршіндер биылғы жылды жақсы жетістіктермен бастады.



Халықаралық байқауларға қатысып, бақ сынады. Жүлделі орынды иеленіп, дипломмен марапатталды. Кішкентай суретшілер үшін әділқазылар тарапынан жоғары баға алудың маңызы зор. Бұл олардың өзіне деген сенімін арттырып,

шығармашылығын өрмен қарай дамытуға септігін тигізеді. Болашақта балдырғандар қандай мамандықты таңдаса да, шығармашылық ортада өткен жылдар оң нәтижесін беретіні анық.

Ғалия ҚАЛИЕВА

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2246;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 3000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «АйАстана» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.